In KazNPU named after Abay defended 60 theses in 16 specialties, of which 41 were in pedagogy and psychology (6D010300).

It should be noted that the nomenclature of specialties of doctoral studies PhD is expanding and every year adds protection in new areas. One of the qualitative indicators of comparing data on the level of development of science and training highly qualified personnel in the form of defending a PhD thesis is that 74 doctoral students in subsequent years, after their defense, acted as heads of 114 scientific and technical projects.

**Conclusion.** Thus, the qualitative composition of the managers of scientific and technical projects, generating, spreading and using knowledge, both at the individual and at the public level, creates innovation and modernization of the process of educational services. And this is not only a material product, but also knowledge, services, intellectual products, and finally, the quality of a labor resource.

However, the education system has a number of disadvantages that are limiting factor for the development of institutional research in the field of knowledge economy, as well as the process of its formation in the Republic of Kazakhstan. Preparation of experts with qualifications and academic degree of Doctor of Philosophy PhD leaves open many questions. For example, how to combine the training of doctors of philosophy PhD and doctors of the profile with the development of basic and applied science in the country. How to motivate doctoral students and their supervisors on the generation of new knowledge, not only for the preparation of a qualifying work as a doctoral dissertation. What should be considered the main result of the preparation of doctors? What needs to be done so that new knowledge acquired by doctoral students does not remain a “thing in itself”, but becomes the property of the world scientific community [11].

It is necessary to work purposefully on this actual problem, introducing the main idea of the new rules on the methodical sequence of the organic combination of the efforts of universities and scientific research institutes in the training of scientific personnel.

Thus, a fundamental factor in the formation and development of the knowledge economy is the development of theoretical knowledge management framework, which in modern conditions is provided only research scientists of Kazakhstan.

## REFERENCES

1. Hoey B.A., 2015. Postindustrial Societies. International Encyclopedia of the Social & Behavioral Sciences (Second Edition): 663-669. DOI: 10.1016/B978-0-08-097086-8.12217-2.
2. Kornienko A.A., 2015. The Concept of Knowledge Society in the Ontology of Modern Society. Procedia – Social and Behavioral Sciences, 166: 378-386. DOI: 10.1016/j.sbspro.2014.12.540.
3. WBG, 2016. The World Bank Group. <http://data.worldbank.org/>.
4. NNPRK, 2016. National Scientific Portal of the Republic of Kazakhstan. [http://www.nauka.kz/page.php?page\\_id=5&lang=1](http://www.nauka.kz/page.php?page_id=5&lang=1).
5. MNERK, 2016. Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan. Committee on Statistics. [http://www.stat.gov.kz/faces/homePage?\\_adf.ctrl-state=53y5tzo5g\\_4&\\_afLoop=2389025868322508](http://www.stat.gov.kz/faces/homePage?_adf.ctrl-state=53y5tzo5g_4&_afLoop=2389025868322508).
6. Myrzakhmetova A.M., 2015. Transit potential of Kazakhstan within the EEU. Kaz.NU Bulletin, 3 (71): 122-127.
7. Pogukaeva N., 2015. Cognitive Management in the Information Society Context. Procedia – Social and Behavioral Sciences, 166: 456-459. DOI: 10.1016/j.sbspro. – 2014.12.553.
8. Karpov A., 2015. Formation of the Modern Concept of Research Education: From New Age to a Knowledge Society. Procedia – Social and Behavioral Sciences, 214: 439-447. DOI: 10.1016/j.sbspro. – 2015.11.718.
9. The state classifier of specialties of higher and postgraduate education of the Republic of Kazakhstan: approved. Order of the Committee for Technical Regulation and Metrology of the Ministry of Industry and Trade of the Republic of Kazakhstan dated March 20, 2009. – No. 131-odd.
10. Ibraev A.Zh., Kul'evskaya Yu.G., Ulezko G.G., Zharkova G.F., Kulumbetova S.K. The state and development trends of the scientific and technical potential in the Republic of Kazakhstan (based on the state registration of R & D and defended dissertations in 2013): Analyst, report. – Almaty: NCSTI, 2014. – 62 p.
11. Solovyova M.A. Reforming higher education in Kazakhstan in the context of the Bologna process // Proceedings of the MNPК "Integration processes in education: problems and prospects" January 27, 2012. – Kostanay, 2012. – P.77-79.

**А.Т. Ускеленова**, экономика ғылымдарының докторы,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан

### **Қазақстан Республикасының білім беруді басқарудағы зерттеу мәртебесі**

**Түйіндеме.** Бұл мақалада білім экономикасын зерттеуді білім мен ғылыми жетістіктердің жаһандануы ғана емес, сонымен қатар қоғамның зімді және салыстырмалы тұрақты өркендеуіне мүмкіндік беретін толыққанды жүйені қалыптастыратын адам дамуының белгілі бір кезеңі ретінде рады. Ғылыми жұмыста білім экономикасының дамуын білім алу үрдісін қамтамасыз ететін, оларды тарату және тиімді жүзеге асыру аясында толыққанды ретінде анықтайтын ресурстар мен факторларды жүйелі талдауға. Зерттеудің негізгі мақсаты білім экономикасын қалыптастыратын маңыз-

ды ресурстарды анықтау, сондай-ақ инновациялық өсуді ынталандыруға қосқан үлесін анықтау болып табылады. Әдістемелік негіз ретінде жұмыста институционалдық-эволюциялық теорияның құралдары қолданады. Зерттеудің негізгі нәтижелері білім экономикасының ресурстық негізін дамытуда қолайлы жағдайларды жобалау мақсатында ғылымды дамыту, бәсекелестік дайлар жасау, жоғары білікті еңбек ресурстарын қалыптастыру сияқты туционалдық өзгерістерді енгізу қажеттілігін анықтау болды. Алынған желер оқу үдерісінде де, практикада да қолданыла алады.

**Түйінді сөздер:** зияткерлік ресурстар, ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы (ҰМҒТСО), ғылыми-зерттеу жұмыстары, жоғары білікті мамандар, адами ресурстар.

**А.Т. Ускеленова**, доктор экономических наук  
Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
г. Астана, Казахстан

### **Статус исследования в управлении знаниями в Республике Казахстан**

**Аннотация.** Статья посвящена изучению экономики знаний как определенной фазы развития человечества, на которой происходит не только глобализация знаний и научных достижений, но и формируется полноценная система, позволяющая обеспечивать долгосрочное и относительно стабильное процветание общества. В работе представлен системный анализ ресурсов и факторов, определяющих развитие экономики знания как целостной структуры, в рамках которой осуществляется процесс генерирования знаний, их распространения и эффективного внедрения. Основная цель исследования выявить наиболее важные ресурсы, формирующие экономику знаний, а также определить их вклад в стимулирование инновационного роста. В качестве методологической базы в работе используется инструментарий институционально-эволюционной теории. Основными результатами исследования стало выявление необходимости проведения институциональных преобразований, таких как развитие науки, создание конкурентных условий, формирование высококвалифицированных трудовых ресурсов с целью проектирования благоприятных условий для развития ресурсной основы экономики знаний. Полученные результаты могут применяться как в образовательном процессе, так и на практике.

**Ключевые слова:** интеллектуальные ресурсы, национальный центр государственной научно-технической экспертизы (НЦГНТИ), научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы, высококвалифицированные кадры, кадровый потенциал.

МРНТИ 06.73.45

**Н. Бердімұрат<sup>1</sup>**, PhD докторы, доцент  
**Г. Оразбекқызы<sup>2</sup>**, ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша  
«Есеп және аудит» мамандығының магистрі  
<sup>1,2</sup> «Нархоз» университеті» АҚ, Алматы қ, Қазақстан

## МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ІШКІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Түйіндеме.** Заманауи жағдайларда мекемелерге арналған процестерге бағдарланған ішкі қаржылық бақылауды әзірлеу және енгізу, олардың қызметінің ерекшелігі мен анықталған тәуекелдерді бағалауды және басқа да факторларды ескеру, мекеменің орнықты дамуына әсер ететін маңызды мәселелер болып табылады. Мемлекеттік ұйымдарда және мемлекеттік мекемелерде қаржылық менеджмент сапасын жақсартудың негізгі бағыттарының бірі ішкі қаржылық бақылау мен аудиттің тиімді жүйесін ұйымдастыру және дамыту болып табылады. Мақалада мемлекеттік мекемелердің ішкі аудитін ұйымдастыру жүйесінің элементтері талқыланып, жүйелік тәсіл негізінде ішкі аудитті ұйымдастырудың тәртібі ұсынылады. Сонымен қатар ішкі бақылау мен қаржылық бақылауды жүргізу ерекшеліктері қарастырылған. Мемлекеттік ұйымдарда ішкі бақылаудың сипаттамасы, оның ішінде тұжырымдамалық ақпаратты қалыптастыру мәселелері берілген. Ішкі бақылаудың енгізілуі мен ұйымдастырылуы сипатталады. Мемлекеттік мекемелердің басым міндеттері, әрі жұмыс істеу функциялары айқындалады. Бөлімшелердің қызметіндегі бірқатар типтік мәселелерге назар аударылды, мемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі аудитін дамыту мәселелерін шешудің негізгі бағыттары анықталды, ішкі бақылаудың сыртқы және ішкі бағалау критерийлері әзірленді. Қазақстан Республикасының ведомстволарында бар ішкі қаржылық бақылау және аудит ұйымдастыру модельдері талданды, республикалық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелерде ішкі бақылау мен аудитті тиімді жүзеге асыратын нормативтік құжаттарды әзірлеу бойынша өздері талдау өткізген мекемелер, ұйым, ішкі бақылау, қаржылық бақылау, ішкі аудит, ақпараттар, мақсаты, принциптері, тәртібі, ішкі қаржылық бақылауды ұйымдастыру.

**Кіріспе.** Мекеменің қаражатын, еңбегін және материалдық базасын тиімді пайдалануды қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі – ішкі қаржылық бақылаудың дұрыс ұйымдастырылуы, сондай-ақ тиімді ішкі экономикалық бақылау. Мақаланың мақсаты мемлекеттік мекемелерде ішкі аудит ұйымдастырудың теориялық негіздерін сараптау және енгізу процесін зерттеу, оның болашағын анықтау болып табылады.

Ішкі қаржылық бақылау – бұл шаруашылық субъектісі қамтамасыз ететін жеткілікті сенімділікке қол жеткізуге бағытталған процесс. Яғни:

- өзінің қызметінің тиімділігі, қаржылық және операциялық көрсеткіштерге, активтердің сақталуы;
- бухгалтерлік (қаржылық) есептіліктің дәлдігі мен уақтылығы;
- қолданыстағы заңдарға, оның ішінде экономикалық өмірдің және есепке алу фактілерін жасау.

Қаржылық бақылау – қаржылық және экономикалық процесстерді басқарудың маңызды функциясы. Осылайша, мемлекеттік мекемелердің қызметі сыртқы (мемлекеттік органдарға, мердігерлерге, тұтынушыларға, жұртшылыққа) қаржылық бақылау және ұйымның субъектілерін жүзеге асыратын ішкі (әкімшілік, қызметкерлер) қаржылық бақылау ретінде жүзеге асырады. Мемлекеттік мекемелердің дербес институттардан айырмашылығы, қызметтің пайдасын өз бетінше бөлуге құқылы емес. Оған қарамастан, ішкі бақылаудың маңызы зор. Себебі, бюджеттік мекемеде пайда табу, мекеменің негізгі қызметің дамуының құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі таңда мекемелердегі қызметтер реттеліп қана қоймай және электрондық ақпараттық жүйелерде жиі өңделеді. Ақпаратты дереу жинақтап, дереу қайта өңдеп отырады. Бұл тек қана мекеменің ғана емес, сонымен қатар оның барлық қатысушыларының қызметін бақылауға мүмкіндік береді. Ішкі бақылау міндеттері:

- қаржылық операциялардың қаржы-шаруашылық қызмет тұрғысынан сәйкестігін және олардың нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес бюджеттік есепке алу мен есептілігін көрсетуін анықтау;
- операциялардың ережелерге, қызметкерлердің өкілеттіктеріне сәйкестігін белгілеу;
- функционалдық қызметті жүзеге асыру кезінде белгіленген технологиялық процестер мен операцияларды сақтау;
- оның тиімділігіне әсер ететін маңызды аспектілерді айқындауға мүмкіндік беретін мекеменің ішкі бақылау жүйесін талдау.

Мекемедегі ішкі бақылау келесі принциптерге негізделуі керек:

- заңдылық принципі – ішкі бақылаудың барлық субъектілері ҚР нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нормалар мен ережелерді тұрақты және нақты сақтау;
- тәуелсіздік принципі – ішкі бақылау субъектілері өзінің функционалдық міндеттерін орындау кезінде ішкі бақылау объектілеріне тәуелсіз;
- объективтілік принципі – ішкі бақылау толық және сенімді ақпарат беретін әдістерді қолдану арқылы ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен нақты құжаттық деректерді пайдалана отырып жүзеге асырылады;
- жауапкершілік принципі – бақылау функцияларын тиісінше орындамағаны үшін ішкі бақылаудың әрбір субъектісі ҚР заңнамасына сәйкес жауап береді;
- бірізділік принципі – ішкі бақылау объектісі қызметінің барлық аспектілерін және басқару құрылымындағы өзара байланысты бақылау шараларын жүргізу [2].

Ішкі бақылаудың сапалы жүйесін ұйымдастыру кез келген ұйымның тиімділігін арттырады. Бюджеттік мекемелер құрудың басты мақсаты коммерциялық мүдде емес, ішкі бақылау жүйесін енгізу әсері мен мемлекеттік



тапсырманы орындау және бюджет қаражатын тиімді басқару тұрғысынан мекеменің жұмысын жақсарту үшін қайта бағытталуы мүмкін. Ішкі қаржылық бақылау стратегиялық және тактикалық мақсаттарға жетуге бағытталған мекеменің қаржысын басқаруға арналған. Коммерциялық қарағанда, мемлекеттік мекемелер үшін бұл бизнес құндылығын рынша арттыру емес, ҚР-ның немесе муниципалитеттің субъектісінің мемлекеттік, әлеуметтік-мәдени немесе басқа да маңызды мемлекеттік функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыру болып табылады. тік мекеменің қызметі туралы ақпарат беру және оны талдау нәтижелері туралы ақпарат беру туралы шектеулі сұранысқа қарамастан, бақылауды ұйымдастыру міндеттерінің бірі корпоративтік сектордағы ұқсас тарының ішкі бақылауын және аудит стандарттарын жақындату [1].

Мемлекеттік мекемелерге қатысты ішкі қаржылық бақылау келесі құрамдастардан тұрады: ішкі бухгалтерлік бақылау, қызметтің тиімділігін бақылау және заңнамалық талаптардың сақталуын бақылау. Ішкі бақылау жүйесін құру – ішкі бақылау және аудит туралы ереженің, құрылымдық бөлімшені немесе ішкі бақылау жөніндегі уәкілетті тұлғаның есеп беру саясатында мақұлдаудан басталады. Атап айтқанда, ішкі бақылау жүйесі туралы ереже бюджеттік ұйымда оны іске асыруға бағытталған бақылау рәсімдерін реттеу арқылы әзірленуге тиіс. Онда ішкі бақылаудың негізгі ұғымдары мен элементтерін көрсету керек:оның мақсаттары, іске асыру субъектілері, бақылау объектілері, бақылау нысандары мен нысандары, лауазымды тұлғалардың міндеттері, олардың ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуы үшін жауапкершілігі, бақылау рәсімдерінің жиілігі, ішкі қаржылық бақылау субъектілерінің құқықтары мен міндеттері [3].

**Сараптамалық бөлім.** Ішкі қаржылық бақылау – мемлекеттік мекеменің қаржысын бақылау жолында стратегиялық және тактикалық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған. Мемлекеттік мекемелерге қатысты ішкі қаржылық бақылау келесі құрамдастардан тұрады: ішкі бухгалтерлік бақылау, қызметтің тиімділігін бақылау және заңнамалық талаптардың сақталуын бақылау. Негізгі мақсаты мекеменің кіріс әкелетін қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Оны бөліп қарайтын болсақ, төмендегідей болады:

– ҚР-сының қаржы-шаруашылық қызметін жүргізу тәртібін, сондай-ақ мекеменің ішкі ережелерін реттейтін заңдарды бұзудың алдын алу және тәуекелдерді қолайлы деңгейге дейін төмендету;

– құрылтайшының орнатқан мекемесінің жұмыс көрсеткіштеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету;

– мекеменің активтерін бақылауды жоғалтуды және шығындардың пайда болуын болдырмау. Мүлікті пайдаланудың қауіпсіздігін және тиімділігін қамтамасыз ету;

– мекеменің негізін қалаушы, мемлекеттік органдарға және басқа да мүдделі қолданушыларға ұсынатын ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету (мемлекеттік тапсырмаларды және мақсатты бағдарламаларды іске асыру туралы есеп, бухгалтерлік, салықтық, статистикалық және т.б.);

– экономиканы сауықтыру және мекеменің қаражатын және мүлкін пайдаланудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар дайындау.

Жеке және коммерциялық ұйымдарға қарағанда, мемлекеттік мекемелер үшін бұл бизнес құндылығын барынша арттыру емес, Қазақстан Республикасының немесе муниципалитеттің субъектісінің мемлекеттік, әлеуметтік-мәдени немесе басқа да маңызды мемлекеттік функциялары мен өкілеттіктерін жүзеге асыру болып табылады. Мұндай жағдайларда ішкі бақылау бәсекелестік артықшылықтарды барынша пайдалануды және бюджеттен тыс кірістерді тарту және оларды мекеменің негізгі мақсаттарына іске асыру үшін оларды тиімді пайдалануды ұйымдастыру бойынша іс-шараларды көздейді.

Ішкі бақылауды жүзеге асыру тәртібі төменде 1-суретте көрсетілген:



Сурет 1 – Ішкі бақылауды жүзеге асырудың тәртібі

Ескерту: <https://7kun.kz/aza-stan-respublikasynda-y-arzhyly-ba-ylaudy-t-rleri/>

**Нәтижелері мен талқылаулар.** Тұтастай алғанда, Қазақстанға мемлекеттік аудит тек қана қаржылық мәселелерді ғана емес, олардың қызметінің барлық бағыттарын қамтитын аудиттелетін субъектілердің жұмысын тұтас және тәуелсіз бағалау ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, анықталған кемшіліктер мен тәуекелдерді басқару бойынша тиімді ұсыныстар беріледі. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесі Есеп комитеті, жергілікті деңгейдегі аудиторлық комитеттер және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган болып табылады. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың қазіргі заманғы жүйесі Қазақстан Республикасының Президенті, заң шығарушы және атқарушы билік органдарын, сондай ақ қоғамды заңдылық қағидаттарына сәйкес бөлінген бюджет қаражатын және мемлекеттік активтерді пайдалану туралы сенімді ақпаратпен қамтамасыз ету үшін қоғамның дамуы және мемлекеттік аппаратқа жүктелген міндеттер мемлекеттік басқару жүйесінің жаңа форматты жұмыс істеуін талап етеді. Шет елдердің тәжірибесіне сүйеніп, экономикасы дамыған елдерде тәуелсіз бақылаудың жетекші нысаны аудит жүргізетінін атап өтуге болады. Мемлекеттік аудит мыналарға мүмкіндік береді:

– қаржылық тәртіпті жетілдіру, мемлекеттік қаржылық ресурстар мен мемлекеттік активтерді мемлекеттік мүдделерде басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру;

– халықаралық аудиторлық стандарттарға және ұлттық заңнамаға сәйкес сапаны бақылау арқылы мемлекеттің экономикалық әлеуетін одан әрі жетілдіруге жәрдемдесу [4].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050 қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты стратегиясында: «Біз озық халықаралық тәжірибеге негізделген мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құруымыз керек» деген болатын. Осы хабарламаға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі 2013 жылғы 18 маусымда № 609 «Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті жүргізу тұжырымдамасы» әзірленіп, бекітілді. Осы Тұжырымдама мемлекеттік қаржылық бақылауды кезең-кезеңмен реформалаудың және мемлекеттік аудиттің енгізілуін және оның функционалдық бағыттарын одан әрі кеңейтудің негізгі көзқарастарын айқындайды. Тұжырымдаманың басым бағыттарын жүзеге асыру барысында 2015 жылғы 12 қарашада «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заң қабылданды және оған 2018 жылы өзгерістер енгізілді.

Сонымен қатар, бұл заң мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың тұжырымдамалары арасын айқын бөледі. Мемлекеттік аудит мемлекеттік аудит объектілерінің тиімділігін тұтастай және тәуелсіз бағалау болып табылады, ол қаржылық мәселелерді ғана емес, сондай-ақ олардың қызметінің барлық бағыттарын қамтитын, анықталған кемшіліктер мен тәуекелдерді басқару жөніндегі ұсыныстарды негізге ала отырып, тиімді ұсыныстар беруді білдіреді. Анықтаудан көріп отырғанымыздай, мемлекеттік аудиттің негізгі мақсаты заңға сәйкес экономикалық саясаттың табысты жүзеге асырылуына, еліміздің, өңірлердің, өндірістердің, қызмет салаларының тиімді өндірістік әлеуетін тиімді пайдалануға ықпал ету болып табылады. Ал мемлекеттік қаржылық бақылау аудиттің барысында анықталған бұзушылықтарға жауап қайтаруға, зиянды қалпына келтіруге, тәртіптік жауапкершілікке тартуға, материалдарды құқық қорғау органдарына рәсімдік шешімдер қабылдау үшін және т.б. беруге бағытталған [5].

**Қорытынды.** Ішкі бақылау және қаржылық бақылау, қызметінің барлық аспектілерін қамтуы тиіс. Осылайша, ішкі бақылау – мемлекеттік мекеменің қаражатын, еңбек және материалдық ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету, сонымен қатар маңызды шарттарының бірілік-экономикалық бақылаудың тиімділігін арттыру болып табылады. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру және оның қызметі мекеменің қызметіне қатысты кез-келген тәуекелдерді жоюға бағытталған. Тиісінше, ішкі қаржылық бақылау бюджеттік қаражатты және ішкі кіріс дерін бөлуге міндетті. Зерттеу қорытындысы бойынша қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында сыртқы және ішкі мемлекеттік аудиттен тұратын мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесі құрылған. Бұл ретте сыртқы аудитті республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті, ал ішкі мемлекеттік аудитті Қазақстан Республикасының министрлігі ұсынады. Ішкі аудит ұйымға тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару үдерістерінің тиімділігін бағалау және

арттыру үшін жүйелі және дәйекті тәсілдерді қолдануға көмектеседі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың интегралдық жүйесі тиімді жұмыс істеуі үшін қазақстандық тәжірибеге оң халықаралық тәжірибені бейімдеу қажет. Бұл мемлекетті және қоғамды мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру үшін қажетті жоғары сапалы, тәуелсіз ақпаратпен қамтамасыз етудің ді басқару құралын жасауға және үкіметтің барлық деңгейінде шешуші экономикалық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Васильева Ю.А. Ревизии и проверки бюджетных учреждений. Что должен знать бухгалтер? / Ю.А. Васильева. – М.: «Аюдар Пресс», 2009. – 230 б.
2. Фисенко Т.И. Организация внутреннего контроля в бюджетной сфере. Возможные подходы // Учет в бюджетных учреждениях – 2011. – № 12. – 72-75 б.
3. Финансовое право. Учебник под ред. М.М. Рассолова / М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001. – 444 б.
4. Алибекова Б.А., Нурхалиева Д.М. Становление государственного аудита в РК // ИЗВЕСТИЯ Иссык-Кульского форума бухгалтеров и аудиторов стран Центральной Азии. № 1, 2 (12, 13). – 162-166 б.
5. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента РК Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана. – Астана, 2012. – 35 б. <http://adilet.zan.kz>.

**Н. Бердимурат**<sup>1</sup>, доктор PhD, доцент

**Г. Оразбекзы**<sup>2</sup>, магистрант специальности «Учет и аудит» по научно-педагогическому направлению

<sup>1, 2</sup> АО «Университет «Нархоз», г. Алматы, Казахстан

### **Разная реализация внутреннего и финансового контроля в государственных учреждениях**

**Аннотация.** Разработка и внедрение внутреннего финансового контроля, который имеет отношение к учреждениям в современных условиях, а также специфика их деятельности и оценка выявленных рисков и других факторов, являются важными вопросами, влияющими на устойчивое развитие учреждения. Одним из основных направлений повышения качества управления финансами в государственных учреждениях и государственных учреждениях является организация и развитие эффективной системы внутреннего контроля и аудита. В статье рассматриваются элементы системы внутреннего аудита государственных учреждений, а также описывается порядок организации внутреннего аудита на систематической основе. Есть также функции внутреннего контроля и финансового контроля. Описание внутреннего контроля в государственных учреждениях, включая вопросы формирования концептуальной информации. Внедрение внутреннего контроля и ции. Определены приоритетные задачи государственных учреждений, а также

их функциональные предпосылки. Был выявлен ряд типовых вопросов в деятельности подразделений, определены основные направления вопросов внутреннего аудита субъектов государственного сектора, разработаны критерии внутренней и внешней оценки внутреннего контроля. На моделях организации внутренн К, разработаны предложения по разработке нормативных документов, эффективно осуществляющих внутренний контроль и аудит в государственных органах и государственных учреждениях.

**Ключевые слова:** государственные учреждения, организации, внутренний контроль, финансовый контроль, внутренний аудит, информация, цель, принципы, порядок, организация внутреннего финансового контроля.

**N. Berdimurat**<sup>1</sup>, PhD, associate Professor  
**G. Orazbekkyzy**<sup>2</sup>, candidate for master's degree majoring in Accounting and  
Audit in the scientific and pedagogical direction  
<sup>1,2</sup>Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

### **Different implementation of internal and financial supervision in public institutions**

**Abstract.** Development and implementation of internal financial supervision that relates to institutions in modern conditions, as well as the specifics of their activities and assessment of identified risks and other factors are important issues affecting the sustainable development of an institution. One of the main areas of improving the quality of financial management in public institutions is the organization and development of an effective system of internal financial supervision and audit. The article discusses the elements of the internal audit system of public institutions, and also describes the procedure for organizing internal audit on a regular basis. There are also functions of internal control and financial control. Description of internal control in public institutions, including the formation of conceptual information. Introduction of internal control and organizations. The priorities of public institutions, as well as their functional prerequisites are identified. A number of typical issues were identified in the activities of subdivisions, the main area of the internal audit of public sector entities were identified, criteria for internal and external evaluation of internal control were developed. According to models of internal financial control and audit existing in the authorities of the Republic of Kazakhstan, proposals have been developed for the development of regulatory documents that effectively implement the internal control and audit in public authorities and public institutions.

**Keywords:** public institutions, organizations, internal control, financial control, internal audit, information, purpose, principles, procedure, organization of internal financial control.

**А.А. Жантаева<sup>1</sup>**, PhD докторы, доцент  
**К.Г. Медетбекова<sup>2</sup>**, магистрант  
<sup>1,2</sup> «Нархоз» университеті АҚ, Алматы қ, Қазақстан

## ІШКІ АУДИТТІҢ МӘНІ, ПРИНЦИПТЕРІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

**Түйіндеме.** Бұл мақалада ішкі аудит мәні мен принциптерін анықтау, сыртқы аудит түсінігі мен принциптеріне негізделеді. Осыған байланысты сыртқы аудит мәнін қарастырып өтеміз. Ішкі аудиттің тиімділігі сыртқы аудитпен салыстырғанда шығындарының төмендігінде (ішкі аудиторлық қызметінің құны 35-50%-ға арзан); ішкі аудиторлардың кәсіпорын жағдайын, жұмыс ырғағын және басқару жүйесін терең білуінде; аудиторлардың тексеруге құрылымдық бөлімдердің жоғары білікті мамандарын тарту мүмкіндігінде; заң талаптарын сақтау кепілдігінде болып отыр. Экономикалық әдебиетте ішкі аудиттің мәні, мақсаты және бағыты жөнінде бірінғай көзқарас жоқ. В.В. Нитецкий, Ф.В. Зайнетдинов сияқты авторлар аудит пен «бақылау» бірдей ұғым деп түсінеді. Біздің пікірімізше, аудит бақылау түрлерінің бірі болып табылады, яғни аудитке қарағанда неғұрлым кең ұғым.

**Түйінді сөздер:** ішкі аудит, сыртқы аудит, аудит түрлері, есеп беру.

**Кіріспе.** Профессор К.Ш. Дюйсембаев аудитті сипаттайтын өте терең анықама берген: «Аудит – шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржылық есебі мен оның шынайлығын анықтау мақсатында тәуелсіз тексеру және талдау, сондай-ақ клиентті қызықтыратын мәселелер бойынша кеңес беру және басқа да аудиторлық қызметтер көрсету».

Біздің пікіріміз бойынша «Аудит – бұл экономикалық іс-әрекеттер бойынша берілген дәлелдердің шынайлығын бағалау, олардың сәйкестік дәрежесін анықтау», – деген Ж. Леворштың көзқарасы неғұрлым дұрыстау сияқты. Барлық дәлелдер экономикалық ақпаратқа жатқызылмайды, сондықтан сандық тұрғыдан бағалануы тиіс, дегенмен сапалық бағалауға әсер етеді. Ғылыми әдебиеттерде «ішкі аудит» түсінігіне өте аз көңіл бөлінеді немесе ол бақылаудың басқа түрлерінің құрамында көрсетіледі. Осы уақытқа дейін ішкі аудитті жіктеу белгілері және оның кәсіпорын басқару жүйесіндегі алатын орны анықталған. Ішкі аудиттің дамындағы ең үлкен кемшілік – оның теориялық және әдістемелік негіздерінде бірінғай көзқарастың жоқтығында. Ішкі аудиттің мәнін түсіну үшін оның объектілерін анықтау қажет. Олардың ішіндегі маңыздыларының бірі есептік, жоспарлық және нормативтік-анықтамалық мәліметтерден тұратын ақпараттық объект болуы тиіс. Келесі – қабылданған басқарушылық шешімдердің деңгейін бағалау. Сонымен қатар ең соңғысы технологиялық объект болуы тиіс, себебі жоғарыда аталған объектілер есеп жүргізу қажеттілігінен туындайды. Осылайша, *ішкі аудит дегеніміз* – кеңес беру, аудит көрсеткіштерін талдау жолымен оның белгіленген параметрлерге сәйкестігін сандық-сапалық бағалау процесі.

**Сараптамалық бөлім.** Ішкі және сыртқы аудит тәсілдерінің бір объектілерге байланысты болуына, ұқсастығына қарамастан, олардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар (1-кесте). Ең басты айырмашылығы – ішкі аудит қызметі кәсіпорынның, басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болуында және әкімшіліктің тікелей нұсқауы және бақылауы бойынша қызмет атқаруында.

Кесте 1 – Ішкі аудит пен сыртқы аудиттің салыстырмалы сипаттамалары

Ерекше сипаты	Сыртқы аудит	Ішкі аудит
Субъектілері және қызмет сипаты	Жасалған келісімшарттар негізінде аудиторлық фирмалармен немесе жеке тұлғалармен кәсіпкерлік қызмет ретінде жүзеге асырылады	Ішкі бақылау жүйесінің құрамдас бөлімі болып табылатын және басқа құрылымдық бөлімдерден тәуелсіз қызметкерлерімен жүзеге асырылады
Мақсаты	Негізгі міндеті қаржылық есептің шынайлығын куәландыру, ақпараттық тәуекелдік деңгейін төмендету және иелері мен үшінші тұлғалардың (инвесторлар: үкімет органдары, әріптестер т.б.) қажеттілігі үшін қаржылық есеп жөнінде пікір білдіреді	Басты міндеті – меншік иелерінің мүддесін қорғау мақсатында дербес бөлімшелер жұмысының сапасын бақылау, дамудың неғұрлым тиімді жолдарын анықтау және негізделген ұсыныстар мен кеңестер беру
Құқықтық қамтамасыз ету	Заңдар, Азаматтық кодекс, Президент Жарлықтары негізінде құқықтық реттеу.	Мемлекеттік және жоғарыдағы органдардың бұйрығы және әкімшілік құқық негізге алынды
Басқарушылық байланыстары	Көлденең байланыстар, яғни жасалған келісімшарттар негізінде ерікті, тең құқылы қарым-қатынас	Тікелей байланыстар, яғни әкімшілікке бағына отырып, жоспар негізінде үздіксіз жүзеге асырылады
Бақылау әрекеттерін жүзеге асыру тәртібі	Аудиторлық тексеру жүргізу процедуралары мен принциптері аудиторлық қызмет ережелерімен (стандарттармен) анықталады	Тексерудің әдістемесі, реті, тәртібі оларды жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулармен анықталады
Атқаратын қызметі	Негізгі қызметтері аудиторлық фирманың жарғысымен анықталады	Негізгі қызметтері, орны және өзара байланыстары ішкі құжаттарымен және әкімшілік бекіткен ішкі аудит қызметі жөніндегі ережелермен анықталады
Аудит түрлері	Ішкі аудит нәтижелеріне, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін жүйелі – бағытталған тұрғыдан тексеруге немесе тәуекелге неізделеді	Растаушы аудитқа, бастапқы құжаттар мен есеп регистрлерін толық немесе ішінара тексеруге, бухгалтерлік есеп жүйесін жалпы мәліметтен жекеге қарай зерттеуге неізделеді
Есеп беру	Аудиторлық есеп тапсырыс берушісі, ал қорытынды барлық қызығушылық танытушы тұлғаларға ұсынылады	Тексеру актісі және бұйрық жобасы қорытындылары және міндетті нұсқауларымен бірге тексеруді тағайындаған органға ұсынылады
Дереккөз: [3-6]		

**Нәтижелері мен талқылаулар.** Ішкі және сыртқы аудиттің айырмашылығы, ең алдымен, оларды жүзеге асырудың құқықық, ұйымдастырушылық және әдістемелік үлгісінде. Ішкі аудит ауқымында активтердің сақталуын қатаң бақылау, меншік иесінің мүддесін қорғау ғана емес, менеджмент сапасы мен саясатын бақылау да жүзеге асырылады.

Ішкі аудит экономикалық субъектіде меншік иелерінің мүддесін қорғау мақсатында бухгалтерлік есепті жүргізудің белгіленген тәртібін сақтау, меншікті қорғау, ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін арттыру бойынша ішкі құжаттармен бекітіліп, ұйымдастырылған сыртқы аудиттің құрамдас бөлігі.

Ішкі аудит институттарына экономикалық субъектінің меншік иелерімен тағайындалған ревизорлар, ревизиялық комиссиялар, ішкі аудиторлар жатады. Ішкі аудит кәсіпорын басшылығына тікелей бағынатын арнайы қызмет мамандарымен жүзеге асырылады. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда ішкі аудит кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің басшылары мен материалды-жауапты тұлғалардың өз міндеттерін жауапты атқаруына ықпал етеді. Сонымен қатар, ішкі аудит заң талаптарына сәйкес міндетті түрде жүзеге асырылатын сыртқы аудиттің ақпараттық базасы болып табылады.

Ішкі аудиттегі құпиялылық принципі – кәсіпорынның коммерциялық құпиясын сақтаудағы ең маңыздысы. Кәсіпорын жағдайының артықшылығы мен кемшіліктері, бухгалтерлік және қаржылық ақпаратты біле отырып, аудитор құпия мәліметтің жариялануына септігін тигізуі мүмкін. Сондықтан, деп жазады С.А. Стуков, Германияда клиент құпиясын жарияланғаны үшін аудиторларға үлкен мөлшерде айыппұл салу, қамауға алу шаралары қарастырылған. Кейбір елдерде кәсіби принциптерді сақтау жөнінде ант қабылдау рәсімдері жүргізіледі. Біздің пікірімізше, осы шаралар аудитті ұйымдастыруда бүгінгі таңда да өзекті болып қалады. Қазақстан Республикасының «Аудиторлық қызмет жөнінде» Заңымен бекітілген принциптердің ішіндегі ең әлсіз буыны ішкі аудиторлардың тәуелсіздігі деуге болады. Сыртқы аудиторлар өз қызметінде тәуелсіздікті сақтау үшін алдын ала шаралар қолдана алады. Мысалы, аудиторлық тексеру жөнінде келісімшарт жасау алдында кәсіпорындағы іскерлік, туыстық, әріптестік және т.б. байланыстар жөнінде анықтама жинайды. Егер қандай да бір жағдай аудиторлардың көңілінен шықпаса, келісімшарт жасаудан бас тарта алады.

Аудиттің келесідей ерекше үлгілері бар: сараптама, технологияның сақталуын тексеру, тауарлы-материалдық қорлардың босатылуы негізділігін тексеру, ресурстардың сақталуын тексеру, бекітелген стандарттарға сәйкестікті тексеру, шолу жасау, зерттеу, рейдтер ұйымдастыру және т.б. Оларды жүзеге асыру тәсілдерін қарастырайық. Заң талаптарын бұзу мен ауытқуларды объектісімен алғаш танысу кезінде территорияны, қойма бөлмелерін, цехтарды, бөлімдерді, филиалдарды т.б. бақылау барысында анықтауға болады.

Объектімен танысуда алға қойылған мақсатқа байланысты барлау, Пәндік және құжаттық тексеру нәтижелерін анықтауда ішкі аудиттің лыстыру, ұқсату сияқты формалары қолданылады. Құжаттық және пәндік



тексеру, сондай-ақ ішкі аудит объектінің ерекшеліктеріне байланысты зерттелетін объектінің нақты жағдайын анықтау үшін лабораториялық талдау, сараптама қолданылады. Тексерудің арнайы кәсіби білімі мен жірибені талап ететін формаларына есептік тексеру, баланстық тексеру, қайта бағалау нәтижелерін тексеруді жатқызуға болады.

Осылайша, танысу мен тексеру бастапқы ішкі аудит болып табылады: олардың зерттеу пәні – объектімен танысу, заң талаптарын бұзу мен ауытқуларды анықтау және оларды арнайы журналда тіркеу.

Келесі кезеңде кезекті ішкі аудит жүзеге асырылады, мұнда анықталған ауытқулар бойынша жұмыстар жалғастырылады. Оның нәтижесінде жіберілген қателіктердің себептері, кінәлілер, келтірілген зиян мөлшері және т.б. анықталады. Сондай-ақ басқарушы жүйе үшін іс-шаралар, ұсыныстар мен нұсқаулар өңделеді.

Аудиттің жоғарыда аталған формаларын жүзеге асыруда арнайы әдістер – түгендеу, бағалау, баланстық байланыстары және т.б. қолданылады.

Ішкі бақылау деңгейін бағалау үшін аудиторлар дәлелдемелерді жинауды нақты жүргізулері қажет және қажетті түзетулер енгізуі мүмкін. Ішкі аудитор өзінің процедураларын орындай отырып, ол есептік жазбалар қажетті үлгіде жасалып жатқандығына сенімді болуы керек немесе ішкі бақылауға жаңадан баға (төмен, максималдыдан төмен, максималды) беруі қажет; мәліметтердің сәйкестігін тексерулері керек. Бұл кезде шоттар бойынша қалдықтардың тереңдетілген тексерулерін және талдамалық процедураларының қатынасын тексеру барысында анықталған нақты міндетемелерге тәуелді болуы мүмкін.

Есептік жазбаларды жүргізуде және оларға қатысты бастапқы құжаттарды бақылауда, әдетте, регистрлерде шаруашылық фактілердің дұрыс көрсетулерін тексереді, салыстырады. Жүзеге асырылып жатқан тексерудің сапасын бақылауға және жоспарлауға қатысты ұйымдастырушылық жұмыстардың осы кезең үшін маңызды болып табылады) бақылаудың уақыты, құны және әрекеттілігі, соның ішінде, талдамалық тексерулер, шоттар бойынша қалдықтарды тереңдетілген тексерулер және мәні бойынша қаржылық-шаруашылық операцияларды басқа аудиторлар тарапынан тексерулері;

ә) қарап шығу тексерісіне және жоспарды түзеуге жұмсалатын уақытта қайта есептеу қажет, мысалы, бірқатар жағдайларда орындалған статистикалық таңдама статистикалық емес таңдама беретін нәтижелерден нақтырақ көрсеткіш бере алады және оған қарағанда үнемдірек болады, сондықтан ажыратылған уақытты қорытындылау кезеңін қосымша процедуралар өткізуге пайдалануға болады;

б) жүзеге асырылған тексерудің нәтижелерінің алдын ала мүмкіндігінше жалпылау, яғни тексеруге қатысқан барлық қызметкерлердің жұмыстарының нәтижелерін жалпылау;

в) тексеруге барысында аудитордың алдында тұрған маңызды сұрақтарды әріптестермен пікірлесіп анықтау және шешу.

**Қорытынды.** Тексеру барысында жиналған дәлелдемелер бойынша аудиттің «Бухгалтерлік есеп берудің бұрмалаушылығын анықтаған кезде аудитордың әрекеттері», – деген стандартына сай кәсіпорын басқармасы кешенді жүзеге асырылуын талап етеді. Ең алдымен, анықталған әр қателіктің мән-мағынасын анықтау қажет, оларды жіктеу керек. Бухгалтерлік

есепті бұрмалау, яғни бухгалтерлік есептің мәліметтерін бұрмалап жүргізу, қалыптасқан ережелерін бұзу, есеп көрсеткіштерін қате көрсету және ұсыну.

Көпшілік жағдайда, әкімшілікте есептік жазуларды және есеп беруді түзету қажеттілігінде ешқандай күдік тумайды, егер олар абайсыздан орын алса, есеп жазбаларындағы арифметикалық немесе логикалық қателер, есептеудегі қателер, есепті дұрыс жүргізу салдарынан болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы» Заңы, 2011 жылдың 28-ақпаны.
2. Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы Заңы (толықтырулар мен қосымшаларды қоса), Алматы: Юрист, 2011. – 21 б.
3. Әжібаева З.Н., Байболтаева Н.Ә., Жұмағалиева Ж.Ғ. Аудит. Оқулық. – Алматы. – 2010.
4. Абленов Д.О., Аудит негіздері. – Алматы: Экономика. – 2005.
5. Әбдіхалықов Т.Ә. Аудит және бухгалтерлік есеп, Алматы. – 2003.
6. Абленов Д.О. Аудит негіздері. – Алматы. – 2010.

**А.А. Жантаева<sup>1</sup>** доктор PhD, доцент

**К.Г. Медетбекова<sup>2</sup>**, магистрант

<sup>1, 2</sup> АО «Университет «Нархоз», г. Алматы, Казахстан

## Сущность, принципы и виды внутреннего аудита

**Аннотация.** Данная статья основана на определении сущности и принципов внутреннего аудита, концепции и принципов внешнего аудита. В связи с этим мы рассмотрим значение внешнего аудита. Эффективность внутреннего аудита низкая по сравнению с внешним аудитом (стоимость услуг внутреннего аудита дешевле на 35-50%); глубокие знания внутренних аудиторов о состоянии предприятия, ритме работы и системе управления; в возможности привлечения высококвалифицированных кадров структурных подразделений для проведения проверок; является гарантией соблюдения требований законодательства. В конце статьи мы определили соответствие системы внутреннего аудита размеру организации. Самой слабой частью принципов, изложенных в Законе Республики Казахстан «Об аудиторской деятельности», является независимость внутренних аудиторов. Внешние аудиторы могут принимать меры предосторожности для сохранения независимости в своей деятельности. Например, перед вступлением в аудиторское задание, бизнес, партнер, партнерство и т. д. собирать контактную информацию. Если обстоятельства не устраивают аудитора, он может отказаться от исполнения конкретных примеров: проверка, проверка соответствия технологии, обоснованность выпуска инвентаризации, проверка ресурсов, соответствие утвержденным стандартам, проверка, обследование, организация рейдов и т. д. Давайте посмотрим, как их реализовать. При пер-

вом знакомстве с объектом нарушения закона и объектом отступления, территорией, складскими помещениями, мастерскими, отделами, филиалами и т. д. можно определить во время контроля.

**Ключевые слова:** внутренний аудит, внешний аудит, виды аудита, отчетность.

**A. A. Zhantaeva**<sup>1</sup>, PhD, associate Professor

**K.G. Medetbekova**<sup>2</sup>, Master's student

<sup>1,2</sup> JSC «Narxoz», University, Almaty, Kazakhstan

### **Essence, principles and types of internal audit**

**Abstract.** This article is based on the definition of the essence and principles of internal audit, the concept and principles of external audit. In this regard, we consider the value of external audit. The effectiveness of internal audit is low compared to external audit (the cost of internal audit services is 35-50% cheaper); deep knowledge of internal auditors about the state of the enterprise, the rhythm of work and the management system; the ability to attract highly qualified personnel of structural units for inspections; guarantees compliance with legal requirements. At the end of the article, we determined the compliance of the internal audit system with the size of the organization. The weakest part of the principles set forth in the Law of the Republic of Kazakhstan "On Auditing" is the independence of internal auditors. External auditors may take precautions to maintain independence in their activities. For example, before joining an audit assignment, a business, partner, partnership, etc., collect contact information. If circumstances do not suit the auditor, he may refuse to sign the contract.

The audit has the following specific examples: verification, verification of compliance of technology, the validity of inventory release, verification of resources, compliance with approved standards, verification, inspection, organization of raids, etc. Let's look at how to implement them. At the first acquaintance with the object of violation of the law and the object of retreat, the territory, warehouses, workshops, departments, branches, etc. can be determined during the control.

**Keywords:** internal audit, external audit, types of audit, reporting.

МРНТИ 06.73.75

Л.А. Бимендиева<sup>1</sup>, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Б.К. Залмуканова<sup>2</sup>, магистрант

<sup>1, 2</sup> әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

## НЕСИЕ ТӘУЕКЕЛІ ЖӘНЕ ОНЫ АЗАЙТУДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ШАРАЛАРЫ

**Түйіндеме.** Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Үкіметінің банк тәуекелін азайтуының шаралары қарастырылған. Бұл зерттеудің ғылыми жағынан жаңашылдығы – ҚР банк тәуекелін реттеудегі жетілдірулер бойынша ұсыныстар жасалған. Тәжірибелік маңыздылығы – зерттеудегі автордың ұсыныстары жеке банктің қолданысына енген. Қаржы дағдарысы, көптеген несиелік мекемелер мен банк өнімдерінің арасында қатаң бәсекелестік, сондай-ақ банк заңнамасының тұрақсыздығы мен жетілмегендігі жағдайында несиелік тәуекелді басқарудың тиімді жүйесі талқыланады. Зерттеу объектісі Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері даму ортасы және тәуекелдердің пайда болуы болып табылады. Жұмыс барысында қарастырылатын құбылыстарды талдау және синтездеудің келесі әдістері қолданылды: аналитикалық, сараптамалық, экономикалық-статистикалық. Экономикалық құбылыстарды зерттеудің және бастапқы ақпаратты өңдеудің пайдаланылған әдістері өз жиынтығында талдаудың шынайылығын және қорытындылардың негізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Нақты банктерге қатысты тәуекелдерді бағалау және басқару жүйелерін жетілдіру бойынша: тәуекелдерді басқару стратегиясын анықтау, тәуекелменеджерлердің тиімді тобын құру, тәуекелдерді есепке алу, директорлар кеңесінің қызметі, тәуекелдерді қабылдау мәдениетін дамыту іс-қимылдары талқыланады. Қазақстанның банк жүйесіндегі проблемалық несиелер деңгейі бағаланады. Банктерде тәуекелдерді басқару үшін олар стресс-тестілеуді кезең-кезеңімен өткізуін ұсынуға болады.

**Түйінді сөздер:** қаржы дағдарысы, тәуекелділікті басқару, несие тәуекелі, қайта қаржыландыру, проблемалық несие, тұтынушылық несие беру.

**Кіріспе.** Кез келген қызмет саласында пайда алу мүмкіндігімен қатар әрдайым шығын қаупі бар (тәуекел). Банк тәуекелдерінің жүйесі әртүрлі сыныптамаларда ұсынылған олардың түрлерінің едәуір санын қамтиды. Негізгі банктік тәуекел, әсіресе қазақстандық тәжірибеде, несиелік тәуекел болып табылады.

Несиелік тәуекел – бұл банктік несие бойынша төлемді қайтармау (төлем жасамау) немесе мерзімін өткізіп алу тәуекелі. Осы тәуекелді қару – банк қызметінің тиімділігін анықтайтын негізгі фактор. Қаржы дағдарысы, көптеген несиелік мекемелер мен банк өнімдерінің арасында қатаң бәсекелестік, сондай-ақ банк заңнамасының тұрақсыздығы мен жетіл-

мегендігі жағдайында несиелік тәуекелді басқарудың тиімді жүйесіне ие болу ерекше маңызды. Дәл осы проблемаларға тап қазіргі банктер өз қызметінде.

**Сараптамалық бөлім.** Қазақстандық банктер тағы бір күрделі жылды бастан өткеруі тиіс, өйткені олар операциялық қызметті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқыны, теңгенің құбылмалылық бағамы және шикізат тауарларының төмен бағалары жағдайында жүзеге асыратын болады, бұл банк секторының өсу перспективаларына, активтердің табыстылығы мен сапасының көрсеткіштеріне теріс әсер етеді, деп есептейді S&P Global Ratings. Ағымдағы жағдайды көптеген қазақстандық банктердің рейтингі бойынша «жағымсыз» болжамдар көрсетеді.

1. Belyakov V.A. Quality of life as a socio-economic category // Bulletin of UdmGU. – 2013. – № 3. – P. 12.
2. Buzlyakov N.I. Methods of planning to improve the standard of living. – M., Economy. – 1969. – P. 208.
3. Böhnke P. First European Quality of Life Survey: Life Satisfaction, Happiness and Sense of Belonging. Luxembourg: Office for Official Publications of the European Communities, 2005.
4. McGinnis, J. Michael. "Toward Improved Quality of Life." Issues in Science and Technology 19, no. 4 (Summer 2003).
5. Mak M., Peacock C. Social Sustainability: A Comparison of Case Studies in UK, USA and Australia, 17th Pacific Rim Real Estate Society Conference, 2011, Available at:[http://www.prrs.net/papers/Mak\\_Peacock\\_Social\\_Sustainability.pdf](http://www.prrs.net/papers/Mak_Peacock_Social_Sustainability.pdf), 2011.
6. Minakir P.A. Spatial economy. Scientific journal / № 4 (20) 2009. – P. 27-28.
7. Message of the President of the Republic of Kazakhstan – Leader of the Nation Nursultan Nazarbayev to the People of Kazakhstan "The third modernization of Kazakhstan: global competitiveness".

8. Message of the President of the Republic of Kazakhstan – Leader of the Nation Nursultan Nazarbayev to the People of Kazakhstan "Strategy" Kazakhstan-2050 ": a new political course of the established state.

9. Revaykin A.S. The standard of living of the population. – M.: Science, 1999. – P. 118.

10. Shokamanov Yu.K. Trends in human development in Kazakhstan. – Almaty. – 2008. – P. 347.

11. S. McCall. (2015, Mar. 7). Quality of Life in Social Indicators Research 2. Pp 229-249. 1975. Available: <http://logica.ugent.be/philosophica/fulltexts/25-2.pdf>.

12. Statistics committee/Quality of life of the population in Kazakhstan in 2018 // [Zakon.kz/https://www.zakon.kz/4931122-kachestvo-zhizni-naseleniya-v.html](http://Zakon.kz/https://www.zakon.kz/4931122-kachestvo-zhizni-naseleniya-v.html).

13. Stat.kz/The quality of life of the population in Kazakhstan in 2018 // <http://economy.gov.kz>.

14. Tanirbergenova G.B. The standard of living of the population of the Republic of Kazakhstan: Current status and ways to increase. – Almaty. – 2012. – P. 25.

15. Zherebin V.M., Rimashevskaya N.M. Problems of poverty alleviation in the development of foreign government and international organizations // Poverty: the view of scientists on the problem. – M.: Science, 1994. – P. 89.

**Н.Е. Дабылтаева**<sup>1</sup>, экономика ғылымының кандидаты, доцент

**Ұ.А. Керімбекова**<sup>2</sup>, магистрант

**Л.А. Медуханова**<sup>3</sup>, экономика ғылымының кандидаты, доцент

<sup>1, 2, 3</sup> әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,

Алматы қ., Қазақстан

### **Қазақстан Республикасындағы халықтың өмір сүру сапасы: проблемалары мен перспективалары**

**Түйіндеме.** Бұл мақалада Қазақстандағы өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері қарастырылған. Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін талдаудың статистикалық көрсеткіштері, яғни өмір сүру деңгейінің келесі маңызды әлеуметтік-экономикалық құрамдас бөліктері: ақшалай кірістер мен оларды бөлу, ең төменгі күнкөріс деңгейі көрсетілген. Экономиканың жай-күйіне және азаматтардың әл-ауқатының деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар анықталған. Сондай-ақ бірқатар шет мемлекеттердің тұрғындарының өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштері қарастырылған. Осы көрсеткіштерді салыстырмалы бағалау негізінде Қазақстандағы халықтың өмір сүру деңгейін шеудегі кемшіліктер анықталды, сондай-ақ халықтың өмір сүру деңгейін бағалаудың әдістемелік тәсілдері жетілдірілді. Зерттеліп отырған объектінің күрделілігіне байланысты халықтың өмір сүру сапасын бағалаудың әдістеріне қатысты көптеген сарапталған көрсеткіштердің біреуі емес, зерттеунің тұтас жиынтығы талап етіледі. Олар: статистикалық, социологиялық және экономика-математикалық зерттеу әдістері. Осылайша Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру деңгейінің негізгі көрсеткіштерін талдау көптеген тықшылықтар мен проблемаларды көрсетті. Халықтың өмір сүру деңгейінің жалпы әл-ауқатын сипаттайтын ажырамас көрсеткіші болып табыла-

ды. Осыған байланысты негізгі күн тәртібінде қоғамдағы әлеуметтік қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықты нығайту мәселесі қарастырылады. Күнделікті өмірдегі маңызды әлеуметтік-экономикалық міндет өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсарту болып қала бермек.

**Түйінді сөздер:** өмір сүру сапасы, күн көру деңгейінің минимумы, халықтың табысы, өмір сүру деңгейінің көрсеткіштері, адам дамуының индексі.

**Н.Е. Дабылтаева**<sup>1</sup>, кандидат экономических наук, доцент

**У.А. Керимбекова**<sup>2</sup>, магистрант

**Л.А. Медуханова**<sup>3</sup>, кандидат экономических наук, доцент

<sup>1, 2, 3</sup> Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби,  
г. Алматы, Казахстан

### **Качество жизни населения в Республике Казахстан: проблемы и перспективы**

**Аннотация:** В данной статье рассмотрены проблемы улучшения качества жизни в Казахстане. Приведены статистические показатели анализа уровня жизни населения Казахстана в ряде следующих наиболее важных социально-экономических компонентов уровня жизни, как денежные доходы и их распределение, уровень прожиточного минимума. Выявлены ключевые факторы, оказывающие влияние на состояние экономики и уровня благосостояния граждан. Так же рассматриваются основные показатели уровня жизни населения ряда зарубежных стран. На основе сравнительной оценки данных показателей выявлены недостатки по измерению уровня жизни населения в Казахстане, также предложены усовершенствованные методологические подходы оценки уровня жизни населения. Что касается методов оценки качества жизни населения, то исходя из сложности исследуемого объекта, большого числа анализируемых показателей, можно утверждать, что здесь необходим не один, а целый комплекс методов исследования: статистических, социологических, экономико-математических. Таким образом, анализ основных показателей уровня жизни населения РК показал, как ряд преимуществ, так и проблемы. Уровень жизни населения является интегральным показателем, характеризующим общее благосостояние населения. В этой связи основной повесткой дня остается вопрос укрепления социальной безопасности и социальной стабильности в казахстанском обществе. Существенное повышение качества жизни является наиважнейшей социально-экономической задачей, стоящей в повестке дня.

**Ключевые слова:** качество жизни, уровень прожиточного минимума, доходы населения, показатели уровня жизни, индекс человеческого развития.

МРНТИ 06.73.21

**С. Өсербайұлы**<sup>1</sup>, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

**А.Н. Оразали**<sup>2</sup>, магистрант

<sup>1,2</sup> әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА ЖОБАЛЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ РӨЛІ

**Түйіндеме.** Экономиканы жаһандану капиталды тарту тетіктеріне, кәсіпорын пайдаланатын қаржы құралдарының ауқымын кеңейтуге түбегейлі әсер етеді. Кәсіпорынның инвестициялық қызметін қаржыландырудың тиімді құралы жобалық қаржыландыру болып табылады. Жобалық қаржыландыру мерзімі ұзақ және түрлі шешімдердің белгісіздігінің жоғары дәрежесімен ерекшеленетін инвестициялық жобаны іске асыруда қаржы ресурстарының үлкен көлемі қажет болғанда тиімді болып табылады. Бұл жобаны іске асыру кезінде тәуекел деңгейін айтарлықтай арттырады. Сондықтан, инвестициялық жобаны тиімді іске асыру үшін тәуекелдерді хеджирлеу қажет. Кәсіпорынды жобалық қаржыландыру кәсіпорын жүзеге асыратын инвестициялық жобалардың әртүрлі кезеңдері үшін ұзақ мерзімді банктік қарыздармен сәйкестендірілмейді. Кәсіпорынның жобалық қаржыландыруы мен ұзақ мерзімді банктік несиелеу құралдарын пайдалану арқылы қаржыландыру арасында бірқатар іргелі айырмашылықтар бар. Бүгінгі таңда, өмірлік маңызы бар шаруашылық саласында дұрыс және оптималды басқарушылық шешім-дерін қабылдауға мүмкіндік беретін, шынайы дәрежеде экономикалық белсенділік деңгейін көтеретін және оны сапалы әдістемелік тәсілмен қамтамасыз ететін есептеулердің қажеттілігі пісіп жетілді. Ұзақ мерзімді инвестицияларды талдау және есептеулерді жүргізудің барлық бағыттары бойынша зерттеулер жүргізудің көкейтестілігі, көптеген қаржылық ұйымдардың да (банктер, сақтандыру компаниялары, инвестициялық және зейнетақы қорлары және т.б.), және бірқатар жекелеген инвесторлардың да, алдында тұрған тауқыметті мәселесі болып тұр. Ал бұдан алынған зерттеулерді одан әрі іске асыру, одан да қиын мәселе болып отыр.

**Түйінді сөздер:** жобалық қаржыландыру, банктік несиелеу, инвестициялық жоба, қаржылық инжиниринг, несиелік портфель.

**Кіріспе.** Кәсіпорынның инвестициялық қызметі – бұл кәсіпорынның шаруашылық қызметінде маңызды рөл атқаратын және өзіне тән заңдылықтарымен дамып отыратын, өзіндік логикаға ие объективті процесс, бебі инвестициялар өзінің экономикалық табиғаты жағынан болашақта табысқа жету үшін ағымдағы тұтынудан бас тартуды білдіреді. Кәсіпорын тартқан қаржы құралдарының құрылымына қарамастан, оның қызметін қаржыландыру үшін рұқсат етілген ең жоғары



рін бағалау қажет. Ең алдымен, кәсіпорын инвестициялық жобаның қаржылық тұрғыдан нәтижелігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін қаржы құралдарының құнын бағалайды. 1-кестеде жобаны қаржыландырудың және кәсіпорынға ұзақ мерзімді банктік несиелеудің негіздері көрсетілген.

Кесте 1 – Жобалық қаржыландыру мен ұзақ мерзімді несиелеу айырмашылықтары

№	Көрсеткіш	Жобалық қаржыландыру	Ұзақ мерзімді банктік несиелеу
1	Қаржыландыруға қатысушылар	Банктер, инвестициялық қорлар, лизингтік компаниялар, кәсіпорындардың стратегиялық әріптестері	Банктер
2	Инвестициялық жобаларды үйлестіру механизмі	Басқару компаниясының консорциум шеңберінде құру	Консорциум және басқару компаниясы міндетті емес
3	Жобаны жүзеге асыруға банктің қатысуы	Банк қаржы ресурстарын бөліп, жобаларды басқаруда қатысады	Банк қаржы ресурстарын бөледі, бірақ жобаларды басқаруға қатыспайды
4	Қаржы ресурстарын ұсыну шарттары	Инвестициялық жобаның тиімділік көрсеткіштерін бағалау нәтижелері бойынша	Кәсіпорындардың қаржылық жағдай параметрлерін бағалау нәтижелері бойынша
5	Қаржыландыру құралдары	Ұзақ мерзімді банктік несиелер, басқа кәсіпорындар қарыздары, бағалы қағаздарды шығару, меншікті қаражат, қаржылық лизинг, бюджеттік қаржыландыру	Ұзақ мерзімді банктік несиелеу
6	Тиімді қаржы құралдарын таңдау әдістемесі	Қаржылық инжиниринг	Қаржы левереджінің және рентабельділіктің ішкі нормасының есерін есептеу
7	Кредиторлар алдындағы жауапкершілік	Шектелген жауапкершілік	Шығарылған қаржылық міндеттемелер бойынша толық жауапкершілік
8	Несие бойынша сыйақы мөлшерлемесі	Банктік несиелеуден жоғары	Жобаны қаржыландыруға қарағанда төмен
9	Қаржылық құралдардың қызметіне арналған қосымша шығындар	Бөлшектік бағалауға байланысты қосымша шығындар	Қосымша шығыстар іс жүзінде пайда болмайды
10	Тәуекел деңгейі	Ұзақ мерзімді банктік несиелеуден жоғары	Жобаны қаржыландыруға қарағанда төмен
11	Банктік несиені кәсіпорын акцияларына конвертациялау мүмкіндігі	Банктік несиені кәсіпорын акцияларына конвертациялау мүмкіндігі қарастырылады	Банктік несиені кәсіпорын акцияларына конвертациялау мүмкіндігі қарастырылмайды

**Сараптамалық бөлім.** Кәсіпорынды жобалық қаржыландыру кәсіпорын жүзеге асыратын инвестициялық жобалардың әртүрлі кезеңдері үшін ұзақ мерзімді банктік қарыздармен сәйкестендірілмейді. Кәсіпорынның жобалық қаржыландыруы мен ұзақ мерзімді банктік несиелеу құралдарын

пайдалану арқылы қаржыландыру арасында бірқатар іргелі айырмашылықтар бар. *Біріншіден*, жобаны қаржыландыруға қатысушылар – тек қана банктер ғана емес, қаржы ресурстары бар басқа да құрылымдар. Мысалы, инвестициялық қорлар, лизингтік компаниялар, кәсіпорынның стратегиялық әріптестері және т.б. Инвестициялық жобаға қатысушылардың қызметін үйлестіру және жобалық қаржыландырудың тиімділігін арттыру сатында консорциумдар құрылуда. Жүзеге асыратын консорциумды қару инвестициялық жобаны басқарушы компанияға жүктеледі. Басқарушы компания консорциумы шеңберінде қалыптастыру кәсіпорынның инвестициялық қызметін қаржыландырудың басқа нысандарынан жобалық қаржыландыруды айқындайтын маңызды белгілердің бірі болып табылды. Инвестициялық жобаны қаржыландырудың басым көзі кәсіпорынға берілген белгілі бір шарттарға негізделген ұзақ мерзімді банктік несиелер болып табылады. *Екіншіден*, кәсіпорынды әдеттегі ұзақ мерзімді несиелендіру арқылы банк алдымен кәсіпорынның қаржылық және экономикалық тижелерін талдайды, оның іскерлік беделі мен кәсіпорынның қаржылық әлеуетті қарыз алушысын бағалайды. Жобалық банктік қаржыландыру жағдайында, ең алдымен, кәсіпорынның қызметінің өткен мерзімдегі тижелері емес, инвестициялық жобаның нәтижесі қарастырылады. Содай-ақ, жобаның қаржылық және ұйымдастырушылық жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін факторлар талданады.

Қазіргі кезде жобалық қаржыландыруды дамытудағы басым бағыт қаржыландыру көздерінің кең ауқымын және әдістерін пайдалану болып табылады. Жобалық қаржыландырудың қаржы құралдары ретінде: банктік несиелер, кәсіпорынның басқа кәсіпорындардан алған қарыздары, бағалы қағаздар, акционерлік капитал және жобаның бастамашысы ретінде әрекет ететін компанияның акционерлік капиталына үлестік жарналар, қаржы лизингі және т.б. қызмет етеді. Жобаны қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік бюджеттен қаржы ресурстары белсенді түрде тартылуда. Бұл ресурстар кәсіпорынға несиелер мен субсидиялар түрінде, сондай-ақ түрлі мемлекеттік кепілдіктер мен инвестициялық салықтық ынталандыру түрінде ұсынылуы мүмкін.

**Нәтижелері мен талқылаулар.** Жобалық қаржыландыру көздерінің кең ауқымы жеткілікті болғандықтан, кәсіпорынның тұрғысынан тиімді қаржы құралдарын таңдау міндеті туындайды. Ол үшін жобалық қаржыландыру қаржылық инжиниринг әдістерін қолданады. Сонымен бірге, жобаны қаржыландыру шеңберінде шешілетін ең маңызды міндеттердің бірі оның сенімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл тәуекелге байланысты жобаның қатысушыларымен ұсынылған қаржы құралдарының сенімсіздігіне байланысты. Күмәнді тәуекел жобалық қаржыландыру шарттарында қаржыландырылатын инвестициялық жобаның тиімділігін есептеу үшін қолданылатын дисконттау ставкасында ескеріледі. Инжинирингтік жобаларды қаржыландыру процесінде қаржылық схеманы және нақты қаржы құралдарын таңдау бойынша консультациялық қызметтерді банк немесе арнайы кеңес беру құрылымы жүргізеді. Консалтинг барысында:

– инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін ең перспективалысын таңдау;

– осы жобаны қаржыландыру үшін таңдалған әрбір жоба үшін қажетті техникалық-экономикалық құжаттаманы дайындау;

– бір банктің қаржы ресурстарының жетіспеушілігі жағдайында кәсіпорынның инвестициялық жобасын толық қаржыландыру үшін, сондай-ақ банк тәуекелдерді әртараптандыруға ұмтылатын жағдайда банк консорциумдарын немесе синдикаттарды құру.

Кәсіпорынның қаржы ресурстарын тартудың басқа нысандарынан инвестициялық қызметті жобалық қаржыландырудың артықшылығы – кәсіпорынның кредиторлар алдындағы жауапкершілігі.

Кәсіпорын үшін жобаны қаржыландырудың кемшіліктері бірқатар жағдайлармен байланысты. Біріншіден, кәсіпорын тартатын несиелер бойынша инвестициялық тәуекелдің жоғары дәрежесі арқасында, дәстүрлі банктік несиелендірумен салыстырғанда жоғары пайыздық мөлшерлеме белгіленеді. Екіншіден, жобаны қаржыландыру кезінде кәсіпорынның қосымша ақшалай қаражаттарының ағымы қалыптасады. Бұл шығыс жобаның орындалу барысында инвестициялық жобаны бағалауға, мониторингке жұмсалған шығыстарды жабуға байланысты қалыптасады. Синдикатталған жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру тіпті кәсіпорынның шығындарын арттырады. Жобалық қаржыландыруды ұйымдастыру тәжірибесінде мониторингке жұмсалатын шығындар жобаға салынған жалпы инвестицияның 5%-ынан астамын құрауы мүмкін. Үшіншіден, жоба алдындағы құжаттаманы егжей-тегжейлі зерделеу, ең алдымен, шығынды арттырады. Бұл шығындар бизнес-жоспарды немесе техникалық-экономикалық негіздемені дайындаумен, өнім нарығының терең маркетингтік зерттеулерімен байланысты.

Мемлекеттік қаржы ресурстарының шектеулі жағдайында және әлеуметтік қажеттіліктердің үнемі белсенді өсуімен мемлекеттік-жеке меншік әріптестік қағидаттары бойынша іске асырылатын жобаларға деген қажеттілік арту үстінде. МЖӘ жобаларының басты артықшылығы – бюджеттік жүктемені төмендету мүмкіндігі. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың негізгі механизміне айналуы тиіс. Қазақстанда мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобаларын жүзеге асырудың ең танымал және перспективалық бағыттарын қарастырайық. 2017 жылдың шілде айында Қазақстанда МЖӘ Орталығы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, МЖӘ жобаларын өнеркәсіптік пайдалану жобаларының бірыңғай дерекқорын іске қосты. Бұл база елдің белсенді аймақтарының тәжірибесін басқа өңірлерге тарату үшін жасалған. 01.01.2018 жылғы жағдай бойынша ол 417 жобаны қамтиды.

«Қазақстанның Даму Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы № 531 Жарлығы мен «Қазақстанның Даму Банкі жабық акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы № 659 қаулысын орындау үшін 2001 жылғы мамыр айында Даму банкі құрылды. Даму Банкінің 100% акциясы «Бәйтерек» Холдингінің иелігінде. Мемлекеттік дустрияландыру бағдарламасының шеңберінде Даму Банкіне ның шикізаттық емес салаларына орта және ұзақ мерзімді төмен пайыздық несиелер беру арқылы жекеменшік сектор мен мемлекеттің бастамаларына

(инфрақұрылымдық жобалар бөлігінде) қаржылық қолдауды қамтамасыз ететін елдің негізгі инвестиция институты рөлі бөлінді.

Кесте 2 – Екінші деңгейдегі банктер бойынша нақты келісілген және игерілген қаражатты топтастыру (млн теңге)

ЕДБ атауы	Орналастырылған сома	Даму Банкімен келісілген қарыздар			Нақты берілген қарыздар		
		Даму Банкімен келісілген қарыздар саны	Даму Банкімен келісілген қарыздар сомасы	Орналастырылған сомадан келісілген қаражат үлесі, %	Нақты берілген қарыздар саны	Нақты берілген қарыздар сомасы	Орналастырылған сомадан берілген қаражат үлесі, %
«Еуразиялық Банк» АҚ	1 875	411	2 097,4	111,86	410	2 078,8	110,87
«ВТБ Банкі» (Қазақстан) АҚ ЕҰ	500	93	550,1	110,03	91	538,4	107,68
«Банк Центр-Кредит» АҚ	1 875	374	2 036,7	108,62	359	2 009,8	107,19
«Сбербанк России» АҚ ЕБ	1 875	389	2 126,1	113,39	361	1 976,6	105,42
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	1 875	496	2 083,6	111,13	484	2 056,0	109,65
БАРЛЫҒЫ	8 000	1 763	8 893,9	111,17	1705	8 659,6	108,24

«Қазақстанның Даму Банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Банк қаржы құралдарының кең спектрін ұсынады, атап айтқанда:

– инвестициялық жобаларды орта және қысқа мерзімді несиелеу, қарыздың ең аз сомасы 7 млрд теңгені құрайды (тамақ өнімдері мен шырындарды өндіру саласында жүзеге асырылатын жобалар үшін – 3 млрд теңге), қарыздың ең қысқа мерзімі – 5 жыл;

– экспорттық (экспорт алды) операцияларды несиелеу, олар бойынша қарыздың ең аз сомасы 1 млрд теңгені құрайды, қарыз мерзімі экспорт операцияларына байланысты анықталады.

– Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2014 жылғы 19 маусымдағы отырысының №17-5/07-368 хаттамасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару кеңесі отырысының хаттамасына (2014 жылғы 29 тамыздағы № 01-7.11 хаттама) сәйкес Даму Банкіне 2015-2019 жылдарға арналған ИИДМБ жобаларын қаржыландыруға:

– «Бәйтерек» холдингінен қарыз беру түрінде 50 млрд теңге;

– Даму Банкінің жарғылық капиталын толықтыру түріндегі 25 млрд теңгені қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан 75 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінді. 2015-2019 жылдарға арналған ИИДМБ жүзеге асыру басталған сәттен бастап 2017 жылғы 31 желтоқсан

ғында Даму Банкі мақұлдаған жобалардың жалпы сомасы 224,18 млрд теңгені құрады, оның нақты игерілгені 203,87 млрд теңге. 2018 жылғы 19 қаңтардағы жағдай бойынша Даму Банкі екінші деңгейдегі банктердің жалпы сомасы 8 893,9 млн теңгеге автонесие беруге 1 763 өтінімін келісті. Оның ішінен екінші деңгейдегі банктер отандық автоөндірушілердің автокөліктерін сатып алу үшін жалпы сомасы 8 659,6 млн теңге болатын 1 705 несие берді.

Қорландырудың қажетті базасын қамтамасыз ету үшін, Даму Банкі капиталдың ішкі нарығында да, халықаралық нарықтарда да облигациялар шығару және орналастыру, банкаралық және бюджеттік несиелер тарту, депозиттер тарту, несие желілерін игеру және т.б. сияқты қарыз алудың әртүрлі құралдарын пайдаланады.

Экономиканың ұлттық валютамен берілетін ұзақ мерзімді қарыздарға жоғары сұранысы жағдайында, Даму Банкі теңге өтімділігін тарту бойынша белсенді жұмыс істейді. Осылайынан, Даму банкі 2017 жылы «Бәйтерек» холдингі арқылы 126,1 млрд теңге көлемінде бюджет қаражатын тартты, олардың:

- 80 млрд теңгесі 2015-2019 жылдарға арналған ИИДМБ жобаларын қаржыландыру мақсатында;

- 17,5 млрд теңгесі «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде ұзақ мерзімді лизингті қаржыландыру беру үшін «ҚДБ-Лизинг» АҚ кейіннен несиелеу үшін;

- 18,6 млрд теңгесі «Жолаушыларды тасымалдау» акционерлік қоғамының жолаушы вагондары паркін жаңартуды қаржыландыру үшін ҚДБ-Лизинг» АҚ кейіннен несиелеу үшін;

Жобалық қаржыландыру қызметін кез-келген банк көрсете бермейді, себебі келісу үдерісі күрделі және өтінішті қарастыру барысы да ұзақ мерзіммен белгілі. Нәтижесінде, банктің құжаттарды қарастыру барысында жарты жыл өтіп, бас тарту шешімін алуы мүмкін, оның салдары жобаны орындау мүмкін болмайды деген сөз. Жобалық қаржыландыру шеңберінде келісімдерді рәсімдеу және іске асыру тәуекелдерді барынша болдырмау үшін қарыз алушының қаржылық жағдайын талдауда ерекше қатынасқа ие. Инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қосымша қатысушылар, қосымша кепілдік, бухгалтерлік және салықтық есептердің кеңейтілген құжаттамалары қажет болуы мүмкін. Клиент жоғарыда баяндалғандардан басқа жаңа бизнесті құру жөнінде жетілдірілген және тиімді бизнес-жоспарды (қоданыстағы бизнесті ұлғайту жөнінде) сонымен қатар, жобаның қаржылық негіздерін көрсететін техникалы-экономикалық негіздемені ұсынуы қажет. Көрсетілген жоспарлар барынша дәйектелген болуы қажет, сол кезде ғана барлық тәуекелдерді бағалап шығуға болады.

Кәсіпорындардың және өзге де ұйымдық-құқықтық құрылымдардың өндірістік және әлеуметтік қажеттіліктерін банк несиелеудің принциптерін қатаң сақтай отырып несиелейді. Несие принциптері несиелеу жүйесінің негізгі элементі болып табылатындықтан несиенің мәні мен мағынасын, сондай-ақ, объективті экономикалық заңдылықтардың, оның ішінде, несие қатынасы саласындағы заңдылықтардың талаптарын бейнеленеді.



## Сурет 1 – Несие портфелінің өзгерісі

Несие принциптері – несиенің қайтарылу мерзімділігі, саралануы, қамтамасыз етілуі, ақылылығы.

Осы заманғы коммерциялық банктер несиесіне ақысын белгілегенде ескеретін негізгі факторлар:

– коммерциялық банктердің ҚР ҰБ-не беретін ссуда бойынша проценттің базалық мөлшерлемесі;

– банкаралық несиесі бойынша орташа процент мөлшерлемесі, яғни, өзінің активтік операциялары үшін басқа коммерциялық банктен сатып алынатын ресурстардың орташа процент мөлшерлемесі;

– банктің әр түрлі депозит шоты бойынша өз клиентіне төлейтін орташа процент мөлшерлемесі;

– несиесі ресурстарының құрылымы (тартылған қаражаттың үлесі неғұрлым жоғары болса, несиесі соғұрлым қымбат болуы керек);

– шаруашылық жүргізушілердің несиесі сұранысы (сұраныс неғұрлым жоғары болса, несиесі соғұрлым арзан);

– несиесі сұралатын мерзім және несиесі түрі, дәлірегі, қамтамасыз етілуіне қарай банк үшін оның қатер деңгейі; елдегі ақша айналысының тұрақтылығы инфляция қарқыны неғұрлым жоғары болса, несиесі ақысы соғұрлым қымбат болуы керек, яғни ақшаның құнсыздануынан банктердің өз ресурстарын жоғалтып алу қатері артады).

**Қорытынды.** Банк несиесінің барлық принциптерін іс-тәжірибеде қолдану жалпы мемлекеттік мүдделердің сақталуына және несиесі мәмілесіне қатысатын екі тараптың мүдделерін сақтауға мүмкіндік береді.

Несие саласындағы қатынас белгілі бір жүйе бойынша қарастырылады.

Несие процесінің ұйымдастырылуын анықтайтын және несие принциптеріне сәйкес реттейтін элементтердің жиынтық несие жүйесі ретінде ұғуға болады. Элементтерді құраушы реті ол мыналарды қамтиды:

– несиеленетін операцияға қарыз алушының өз қаражатының қатысу деңгейі және тәртібі;

– несиенің мақсатты тағайындауы: несиелеудің әдіс ссудалық шоттың формалары;

– ссудалық берешектерді реттеудің тәсілдері;

– ссудалық қаражаттың мақсатты әрі тиімді пайдалануына және олардың уақытылы қайтарылуына жүргізілетін бақылаудың формалары мен тәртібі.

Жобалық қаржыландырудың негізгі басымдықтары:

– қолданыстағы бизнесті кеңейту немесе жаңа бизнесті ашу мүмкіндігі;

– қолданыстағы бизнес жоқ болған жағдайда құрал-жабдықтарды алу мүмкіндігі;

– ұзақ лизингтің мерзімі (3 жылдан 7 жылға дейін) шағын бизнесті несиелеудің басқа түрлерімен салыстырғанда;

– лизинг бойынша пайыздарды төлеудің негізгі төлемдері инвестициялық жобадан келген табыстар болып табылады;

– лизингті алушының ең кіші бастапқы салымы жөніндегі жолдарды қарастыруға болады.

Осылайша, сәтті инвестициялық жобаның маңызды ережелері жобалық қаржыландыруға қатысушылардың нақты өзара іс-әрекеттері болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әлжанова Н.Ш. Инвестициялық жобалау: Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2013. – 160 б.

2. Борисоглебская, Л.Н. Государственные и муниципальные финансы. Финансирование социальных услуг / Борисоглебская Л.Н., Кирсанов С.А. – М.: Андреевский Издательский дом, 2016. – 360 б.

3. Воронцовский, А.В. Инвестиции и финансирование. Методы оценки и обоснования / А.В. Воронцовский. – М.: Издательский дом Санкт-Петербургского государственного университета, 2014. – 528 б.

4. Воронцовский, А.В. Инвестиции и финансирование / А.В. Воронцовский. – М.: СПб: Санкт-Петербургский Университет, 2015. – 528 б.

5. Довгялло, М.В. Лизинг как метод финансирования коммерческой недвижимости / М.В. Довгялло, Д.К. Гофман, А.Ю. Ткаченко. – М.: Институт экономики города, 2011. – 140 б.

6. Дударева, Наталья SolidWorks. Оформление проектной документации (+ CD-ROM) / Дударева Н., ЗагайкоС. – М.: БХВ-Петербург, 2014. – 384 б.

7. Еганян, Альберт Инвестиции в инфраструктуру. Деньги, проекты, интересы. ГЧП, концессии, проектное финансирование / Альберт Еганян. – М.: Альпина Паблишер, 2015. – 720 б.

8. Халқымаұлы Х. Инвестициялық прогресс: Қазақстандағы проблемалар, дамыған елдердегі тенденциялар // Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. – 2014. – № 2. – 107-112 бб.

**С. Өсербайұлы<sup>1</sup>**, кандидат экономических наук, доцент

**А.О. Оразали<sup>2</sup>**, магистрант

<sup>1,2</sup> Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби,  
г. Алматы, Казахстан

### **Роль проектного финансирования в роли устойчивой экономики в РК**

**Аннотация** Глобализация экономики оказывает глубокое влияние на механизм привлечения капитала, расширение спектра финансовых инструментов, используемых предприятием. Эффективным инструментом финансирования инвестиционной деятельности предприятия является проектное финансирование. Срок финансирования проекта действует, когда для реализации инвестиционного проекта требуется большой объем финансовых ресурсов, который является длительным и имеет высокую степень неопределенности различных решений. Этот проект значительно увеличивает риск при реализации проекта. Поэтому для эффективной реализации инвестиционного проекта необходимо хеджировать риски. Проектное финансирование предприятия не сопровождается долгосрочными банковскими заимствованиями для различных этапов инвестиционных проектов, реализуемых предприятием. Существует ряд принципиальных различий между финансированием проектного финансирования предприятия и использованием инструментов долгосрочного банковского кредитования. Сегодня необходимы расчеты, которые повышают уровень экономической активности и обеспечивают качественный методологический подход, который позволяет принимать правильные и оптимальные управленческие решения в жизненно важной экономической сфере. Актуальность исследований во всех областях долгосрочного инвестиционного анализа и расчетов является проблемой, с которой сталкиваются многие финансовые учреждения (банки, страховые компании, инвестиционные и пенсионные фонды и т.д.) и ряд индивидуальных инвесторов. И дальнейшая реализация этих исследований еще сложнее.

**Ключевые слова:** проектное финансирование, банковское кредитование, инвестиционный проект, финансовый инжиниринг, кредитный портфель.



**S. Oserbayuly**<sup>1</sup>, candidate of economic sciences, associate Professor

**A.N. Orazali**<sup>2</sup>, Master's student

<sup>1,2</sup> al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

### **Role of project financing in the conditions of sustainable economy of the RK**

**Abstract:** Globalization of the economy has a profound impact on the mechanism of capital attraction, expansion of the range of financial instruments used by the enterprise. An effective tool for financing the investment activities of the enterprise is project financing. The project financing term is effective when a large amount of financial resources is required for the implementation of the investment project, which is long and has a high degree of uncertainty of different solutions. This project significantly increases the risk when implementing the project. Therefore, for the effective implementation of the investment project it is necessary to hedge risk. Project financing of the enterprise is not accompanied by long-term bank borrowings for various stages of investment projects implemented by the enterprise. There are a number of fundamental differences between financing the enterprise's project financing and the use of long-term bank lending tools. Today, there is a need for calculations that improve the level of economic activity and provide a qualitative methodological approach, which makes it possible to adopt correct and optimal management decisions in the vital economic area. The relevance of researches in all areas of long-term investment analysis and calculations is a problem facing many financial institutions (banks, insurance companies, investment and pension funds, etc.) and a number of individual investors. And the further implementation of these studies is even more difficult.

**Keywords:** project financing, bank lending, investment project, financial engineering, loan portfolio.

Р.Д. Досжан<sup>1</sup>, PhD докторы, доцент міндетін атқарушы

М. Далабаева<sup>2</sup>, магистрант

<sup>1,2</sup> әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан

## БАНКТІК ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

**Түйіндеме.** Тәуекел әрбір қызмет аясында кездесетін болғандықтан, тәуекелді азайту мен табыстылықты өсіру, оның басқарылуымен тікелей байланысты болады. Тәуекел экономикалық категория ретінде кез-келген кәсіпкердің қызметімен оның нәтижелігінің анықсыздығын және сәтсіздік жағдайында қолайсыз нәтиже мүмкіндігін көрсететін жағдайдағы сипаттама болып табылады. Банктік тәуекел – жоспарланған қаржылық операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде қосымша шығындардың пайда болуы, табыстардың толығымен алынбауы немесе банктің өз ақша қаражаттарын жоғалту мүмкіндігі. Банктің өз қызметі процесінде тәуекел түрлерінің әр түрлі жиынтығы кездеседі. Осы жинақтар бір-біріне пайда болу уақыты мен орны, экзогендік факторлар жиынтығы (яғни экономикалық орта, конъюктурамен байланысты сыртқы) және эндогендік факторлар банктің (өзіндік қате қызметінен пайда болатын ішкі) бойынша ажыратылады. Сонымен бірге, барлық тәуекел бір-бірімен байланысты және банк қызметіне әсер етеді.

Мақалада Қазақстан екінші деңгейдегі банктерінің банктік тәуекелдерін басқаруды талдау жасалды. Банк секторының қаржылық жағдайы мен тәуекелдері зерттелді. Сонымен қатар, соңғы бес жылдың мәліметтері негізінде талдау жасалынды, банктердің активтерінің, несие портфелінің өзгеру серпіндері қарастырылды. Қазақстан екінші деңгейдегі банктерінің банктік тәуекелдерін басқаруды жетілдіру жолдары қарастырылды. Оның ішінде, шетел тәжірибесіндегі тәуекелді басқару жолдары және Қазақстан Республикасына қажетті басқару жолдары қарастырылды.

**Түйінді сөздер:** банктік тәуекелдер, тәуекелдерді басқару жүйесі, тәуекелді басқару, стратегиялық басқару, тәуекелді азайту.

**Кіріспе.** Банк қызметін басқарудың бүкіл жүйесі тәуекелді басқаруға негізделген. Банктер актив және пассив операцияларын жүргізе отырып, тәуекелдердің қосымша факторларымен байланысты.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты 2017 жылғы 31 қаңтарда Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Еліміздің қаржы секторын «қайта ту» қажет. Ұлттық банкке банк секторын қалыпқа келтіру жөнінде шаралар кешенін әзірлеуді тапсырамын. Банктердің балансын тиімсіз лерден арылту жұмысын жеделдетіп, қажет болған жағдайда олардың питалын акционерлер тарапынан арттыруды қамтамасыз ету керек. ктердің ахуалына жедел бақылау орнату үшін Ұлттық банкке көбірек құқық берген жөн. Ұлттық банк банктердің қателік жіберуін күтпей, оларға

ықпал етегін шаралар қабылдау үшін формалды көзқарастан ықтимал қатерлерге жол бермейтін қадамдарға көшуге тиіс» деген болатын [1].

Тәуекел әрбір қызмет аясында кездесетін болғандықтан, тәуекелді азайту мен табыстылықты өсіру, оның басқарылуымен тікелей байланысты болады. Тәуекел экономикалық категория ретінде кез-келген кәсіпкердің қызметімен оның нәтижелігінің анықсыздығын және сәтсіздік жағдайында қолайсыз нәтиже мүмкіндігін көрсететін жағдайдағы сипаттама болып табылады. Қолайсыз жағдай орын алғанда үш экономикалық нәтиже болуы мүмкін: кері (ұтылу, жоғалту, шығын), нөлдік және онды (ұтыс, табыс, пайда).

Шығындардың пайда болуы мен пайданы жоғалту сияқты қолайсыз нәтижелер мүмкіндігі берілген несиелер бойынша төлем жасалмауы, ресурстық базаның қысқаруы, баланстан тыс операциялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Қазіргі банктік сектор тәуекелсіз болуы мүмкін емес, өйткені тәуекел әрбір банк операциясында бар. Тәуекелден құтылу мүмкін емес. Сондықтан кез-келген кәсіпкер тәуекел деңгейін минимумға түсіруге тырысады және бірнеше альтернативті шешімдер ішінен тәуекел деңгейі минималды шешімді таңдайды, сондай-ақ тәуекел деңгейі мен табыс шамасының оңтайлы қатынасын таңдауға тырысады. Осыған байланысты Қазақстандық банкирлерге банктік қызмет нарығында қалыптасқан жағдайды бағалау және батыс тәжірибесіндегі банктік тәуекел басқару мен мониторингіне

Банктік тәуекел – жоспарланған қаржылық операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде қосымша шығындардың пайда болуы, табыстардың толығымен алынбауы немесе банктің өз ақша қаражаттарын жоғалту мүмкіндігі. Банктің өз қызметі процесінде тәуекел түрлерінің әр түрлі жиынтығымен кездеседі. Осы жинақтар бір-біріне пайда болу уақыты мен орны, экзогендік факторлар жиынтығы (яғни экономикалық орта, конъюктурамен байланысты сыртқы) және эндогендік факторлар банктің (өзіндік қате қызметінен пайда болатын ішкі) бойынша ажыратылады. Сондай-ақ, барлық тәуекел бір-бірімен байланысты және банк қызметіне әсер етеді.

**Сараптамалық бөлім.** Қаржы секторының қарқынды дамуы ел экономикасының өсу деңгейін ұстап тұратын факторлардың бірі болып табылады. Бұдан басқа, қаржылық қатынастарды дамытуда сақталып отырған өңірлік және салалық дифференциация кәсіпкерліктің даму серпініне, қаржы қызметтерінің бизнес және халық үшін қолжетімділігіне әсер етеді. Респонденттер 2017 жылды «экономика мен тұтастай алғанда қаржы секторы әлсіз қарқынмен дамыған тоқырау жылы» деп бағалады. Қазақстан экономикасының әлемдік кеңістікке ықпалдасуының жоғары дәрежесі макроэкономикалық тәуекелді одан әрі іске асыра отырып, 2014-2016 жылдары орын алған ғаламдық күйзелістердің сауда және инвестициялық арналармен экономиканың ішіне ауысуына ықпал етті.

Респонденттер 2017 жылдың неғұрлым маңызды тәуекелдері деп инфляция деңгейінің өсуі және экспорттық кірістердің қысқаруы нәтижесіндегі макроэкономикалық тәуекелді және экономикалық агенттердің несие қабілеттілігінің төмендеуіне байланысты несие тәуекелін атап өтті.

Сарапшылардың пікірінше, мұнай бағасының артуының ағымдағы үрдісі және тиісінше, теңге бағамының нығаюы Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің біртіндеп төмендеуімен бірлесіп, қаржы секторы өтімділігінің ұлғаюы және экономиканы несиелеу процесінің жандануы бөлігінде белгілі бір нарықтық перспективаларды қалыптастырады. Алайда ғаламдық тәуекелдер бойынша белгісіздік, рапшылардың пікірінше, «үрдістерді айтарлықтай ұзақ мерзімге болжау мүмкіндігін қиындатады, бұл корпоративтік сектордың инвестициялық белсенділігін және банктер тарапынан несиелеуді тежейді». 2018 жылы респонденттер өткен жылдың негізгі тәуекелдерінің және үрдістерінің сақталуын күтті. Экономиканың құлдырау салдарлары әлі кем дегенде Қашаған кен орны іске қосылғанға дейін, Қазақстанның маңызды экспорттау тауарларының нарығы тұрақтағанға және олардың бағасының қолайлы деңгейіне жеткенге дейін бір жыл төңірегінде жалғасатын болады. тициялық компаниялардың бағалауынша сыртқы конъюнктура қолайлы болып, энергия ресурстарының бағасы өскен жағдайда, 2017 жылдың соңынан бастап қалыпқа келу күтіледі [2].

Кесте 1 – Жалпы Қазақстан бойынша қаржылық делдалдықтың басты индикаторларының серпіні, %

Көрсеткіштер:	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2015 ж.	2018 ж.
ЕДБ-ның ЖІӨ-ге қатысты активтері	45,7	32,8	28,1	45,7	32,8
ЕДБ-ның ЖІӨ-ге қатысты несиелері	45,3	33,1	28,8	45,3	33,1
ЕДБ-ның ЖІӨ-ге қатысты депозиттері	48,0	31,8	29,8	48,0	31,8
Ескерту: Интернет-ресурс: <a href="http://www.nationalbank.kz">http://www.nationalbank.kz</a> [2]					

Екінші деңгейдегі банктердің ЖІӨ-ге қатысты көрсеткіштерін талдау барысында, 2014 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі аралықта жалпы үлестердің азайғандығын көрінеді, ол активтер бойынша 45,7%-дан 32,8%-ға төмендеген, яғни ауытқу 12,9%-ды құрайды. Несиелер бойынша 9,2% депозиттер бойынша 16,2% (2-кесте).

Кесте 2 – Салалар бойынша жиынтық несие портфелінің өзгеру серпіні, %

Көрсеткіштер:	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Жеке тұлғалар	4,9	6,6	3,1	3,7	6,7
Ауыл шаруашылығы	0,1	0,6	0,5	4,8	4,3
Өнеркәсіп	0,9	0,7	0,8	4,1	8,5
Құрылыс	1,2	1,8	0,3	-3,2	-3,6
Сауда	1,7	1,9	1,7	2,3	5,1
Көлік және байланыс	0,6	0,1	0,7	0,4	-4,8
Қызмет көрсетулер	1,9	3,0	0,3	-3,5	-0,9
Несие портфелінің өсімі	11,4	14,6	7,4	9,7	0,9
Нақты ЖІӨ өсімі (оң жақ ось)	5,0	6,0	4,3	3,0	11,9
Ескерту: Интернет-ресурс: <a href="http://www.nationalbank.kz">http://www.nationalbank.kz</a> [2]					

2018 жылдан бастап ЖІӨ-не қатысты қаржылық делдалдықтың негізгі индикаторларының қалыпты өсуі байқалады. Соған қарамастан, олардың деңгейі соңғы жылдары ең төменгі мөлшерде тұр. Қор нарығын ЖІӨ-ге капиталдандыру қатынасының құлдырауын тоқтату оң көрсеткіш болып отыр. Алайда, көрсеткіштің ары қарай құлдырай беруі банк депозиттері көлемінің KASE капиталдандыру көлемінен асып кетуге әкелді, бұл қор нарығының құралдарына қарағанда, ақша қаражатын депозиттерге орналастыруға басымдық берілгендігін куәландырады.

2018 жылғы жеке тұлғалардың үлесі 2014 жылға қарағанда 1,8%-ға өскен. Ауыл шаруашылығы 4,2%, өнеркәсіпте 7,6%, сауда 3,4% бойынша өсу қарқыны көрсетілген. Ал, көлік және байланыс, қызмет көрсету, құрылыс бойынша көрсеткіштер төмендеген. Екінші деңгейдегі банктер қарыздарының таза құны (проевизияларды шегере отырып баланстық құны) 2018 ж. үшін 19%-ға (валюталардың бағамдарын түзетуді есепке алмағанда) өсуі екі есе төмен екендігін атап өткен жөн, бұл жұмыс істемейтін қарыздардың үлесін, тиісінше, проекциялардың мөлшерін азайту бойынша жүргізілген шараларды көрсетеді (3-кесте).

Кесте 3 – Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің нарықтағы үлесі, (млрд тг, %)

№	Банктің аты:	Активтері, млрд тг	Үлесі, %
1	Казкоммерцбанк	5 214 634 590	20,3
2	Халық Банк	4 648 088 078	18,1
3	Цеснабанк	2 064 407 103	8,0
4	Сбербанк	1 519 471 349	5,9
5	Банк ЦентрКредит	1 380 113 197	5,4
6	Kaspi bank	1 186 880 461	4,6
7	АТФБанк	1 443 212 689	5,6
8	ForteBank	1 209 740 017	4,7
9	Еуразиялық Банк	1 032 434 790	4,0
10	Bank RBK	1 012 701 671	3,9
11	Басқалары	4 969 826 682	19,4
	Барлығы:	25 681 510 627	100,0

Ескерту: Интернет-ресурс: <http://www.nationalbank.kz> [3]

Қазақстан экономикасының өсу қарқыны, әсіресе халықтың және бизнестің табысына тәуелді: қызмет көрсету, құрылыс және көлік салаларында төмендеді. Өнеркәсіпте өндіріс қуаттылықтарының төмендеуі және сауда секторындағы сату желілерінің қысқаруы байқалды.

2018 жылғы ЖІӨ-нің өсуіне мемлекет басым салаларды қаржыландыру бағдарламалары есебінен қолдау көрсетті. Алайда банктердің бірі «бағдарламалық синергияны толыққанды пайдалануда қолдау бағдарламалары мен халықтың жұмыспен қамтылуының арасындағы байланыстың нашарлығын» атап өтті.

Экономиканы дамыту бағдарламалары шеңберінде игерілген қаражаттың қомақты көлеміне қарамастан бұл қаражаттың басым бөлігі әртүрлі субъектілердің айналым капиталын ұстап тұруға жұмсалған.

Жоғарыда аталған респондент «айналым капиталын қаржыландыру қысқамерзімді кезеңде кәсіпорындардың қаржылық жағдайын қолдауға мүмкіндік береді, алайда жинақталған жүйелі проблемаларды шешуге мүмкіндік бермейді» деп, атап айтқанда, өндірушілердің аралық тұтыну тауарлары импортына тәуелділігін шешуге мүмкіндік бермейді деп есептейді. Бұл, өз кезегінде, «экономиканы әртараптандыру жылдамдығын, жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындарының пайда болуын баяулатады және жақын келешекте инфляция деңгейі өсуіне және несиелік тәуекелдің бұдан да әрі өсуіне әкелуі мүмкін».

Респонденттердің көпшілігі Қашаған кен орнын іске қосу 2017-2018 жылдары экономиканың өсу қарқынын қалпына келтірудің драйвері және оң бюджеттік әсердің нәтижесі болады деп күтеді. Алайда, «Қазақстанның кең орнында иелігіндегі үлесінің төмен болуы экономика өсімінің қарқынын қалпына келтіруді тежейді» [3].

Қазақстан Республикасындағы банктердің нарықтағы үлесінің көп бөлігін бастапқы үш банк алады. Оларға: Казкоммерцбанк, Халықбанк және Цеснабанк жатады. Бұл банктер еліміздегі ең басты банктер болып табылады. Нарықтағы жалпы үлесі 46%-ға тең.

Қазақстан Республикасы банк секторының 01.01.2018 ж. негізгі көрсеткіштері (2017 жылғы өзгерістер):

Активтер мен несие портфелі. Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің активтері 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 25 556,8 млрд теңге (2017 жылдың басында – 23 780,3 млрд теңге), 2017 жыл бойғы ұлғаю – 7,5% болды.

Активтер құрылымындағы ең көп үлесті (жиынтық активтердің 56,9%-ы) 15 510,8 млрд теңге сомладағы несие портфелі (негізгі борыш) алады (2017 жылдың басында – 15 553,7 млрд теңге), 2017 жыл бойғы азаю – 0,3% болды.

Занды тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 42,3% үлесімен 6 553,5 млрд теңге (2017 жылдың басында – 7 307,2 млрд теңге немесе несие портфелінің 47,0%-ы), 2017 жыл бойғы азаю – 10,3% болды.

Жеке тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 24,3% үлесімен 3 766,6 млрд теңге (2017 жылдың басында – 3 872,9 млрд теңге немесе несие портфелінің 24,9%-ы), 2017 жыл бойғы азаю – 2,7% болды.

Тұтынушылық қарыздар несие портфелінің 16,4% үлесімен 2 547,5 млрд теңге (2017 жылдың басында – 2622,7 млрд теңге немесе несие портфелінің 16,9%-ы), 2017 жыл бойғы азаю – 2,9 % болды.

Шағын және орта бизнес қарыздар несие портфелінің 32,2% үлесімен 5 002,0 млрд теңге (2016 жылдың басында – 4 242,2 млрд теңге немесе несие портфелінің 27,3%-ы), 2017 жыл бойғы ұлғаю – 17,9% болды.

NPL – жұмыс істемейтін қарыздар (90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар) 1 042,1 млрд теңге немесе несие портфелінің 6,7%-ы (2017 жылдың басында – 1 236,9 млрд теңге немесе несие портфелінің 8,0%-ы) болды.

Несие портфелі бойынша провизиялар 1 642,9 млрд теңге немесе несие портфелінің 10,6%-ы мөлшерде (2017 жылдың басында – 1 647,8 млрд теңге немесе несие портфелінің 10,6%-ы) қалыптасты.

Міндеттемелер мен салымдар. Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің міндеттемелері 22 716,3 млрд теңге (2017 жылдың

басында – 21 290,2 млрд теңге), 2017 жыл бойғы ұлғаю – 6,7% болды. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық міндеттемелеріндегі ең көп үлесті клиенттердің салымдары – 76,0% және айналысқа шығарылған бағалы қағаздар – 7,8% алады. Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің Қазақстан Республикасы бейрезиденттері алдындағы міндеттемелері 1 687,5 млрд теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 7,4 %-ы болды.

Клиенттердің салымдары 17 268,6 млрд теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 76,0%-ы (2017 жылдың басында – 15 605,1 млрд теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 73,3%-ы), 2017 жыл бойғы ұлғаю – 10,7% болды.

Заңды тұлғалардың салымдары 9 360,8 млрд теңге немесе клиенттер салымдарының 54,2%-ы (2017 жылдың басында – 8 719,6 млрд теңге немесе клиенттер салымдарының 55,9%-ы), 2017 жыл бойғы ұлғаю – 7,4% болды. Заңды тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының үлесі жылдың басындағы 61,5%-дан есепті күнгі 46,6%-ға дейін азайды.

Жеке тұлғалардың салымдары 7 907,8 млрд теңге немесе клиенттер салымдарының 45,8%-ы (2017 жылдың басында – 6 885,5 млрд теңге немесе клиенттер салымдарының 44,1%-ы), 2017 жыл бойғы ұлғаю – 14,8% болды. Жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының үлесі жылдың басындағы 79,1%-дан есепті күнгі 62,2%-ға дейін азайды.

Меншікті капиталдың жеткіліктілігі. Реттеуіш капитал 3 226,1 млрд теңге мөлшерде қалыптасты. Капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері мынадай болды: к1-1 – 13,7%; к1-2 – 14,3%; к2 – 16,3%

Өтімділігі жоғары активтер 6 500,5 млрд теңге немесе активтердің 25,4%-ы (2016 жылдың басында – 5 043,1 млрд теңге), 2017 жыл бойғы ұлғаю – 28,9% болды.

